

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Орынбаев Айдар Талғатұлы

«Қарағанды қаласы Д.Қонаев көшесі бойындағы 9 қабатты тұрғын үй кешенін жобалау және салу кезіндегі инженерлік-геодезиялық жұмыстар»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

5B071100- Геодезия және картография



КОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі, PhD

Орынбасарова Э.О.

2022 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Қарағанды қаласы Д.Қонаев көшесі бойындағы 9 қабатты тұрғын үй кешенін жобалау және салу кезіндегі инженерлік-геодезиялық жұмыстар»

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы

Орындаған

Орынбаев А.Т.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

“Аль-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университетінің PhD
Доцент М.А.

техн.ғылым.кандидаты,
қауым.профессор



 Нукарбекова Ж.М.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

5B071100- Геодезия және картография



БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі, PhD

Орынбасарова Э.О.

2022 ж.

Дипломдық жұмысты орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы Орынбаев Айдар Талғатұлы

Тақырыбы: «Қарағанды қаласы Д.Қонаев көшесі бойындағы 9 қабатты тұрғын үй кешенін жобалау және салу кезіндегі инженерлік-геодезиялық жұмыстар»
Университет Ректорының 2021 жылғы "24" 12 489-П/Ө-б бұйрығымен бекітілген

Орындалған жобаның өткізу мерзімі: « » ____ 2022 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: тәжірибе уақытындағы жиналған материалдар және дәріс конспектілері.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі: Инженерлік құрылыстарды салу процесінде жүргізілетін геодезиялық жұмыстар кешенін толық талдау, құрылысты геодезиялық камтамасыз ету мәселелерін талқылау және оларды оңтайландыру жолдарын қарастыру, құрылыс жүргізу ауданының жоспарлары мен сызбаларын жасау, сонымен қатар шектеулерге сәйкес келетін есептеулер орындау.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. М. Нурпеисова, Қ. Рысбеков, О. Сарыбаев, Д. Киргизбаева, Геодезия – Оқулық, Астана: Фолиант, 2016
2. Ж. Сейфуллин, Жер кадастры – Оқулық, Алматы: ҚазҰАУ, 2001


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Геодезиялық бөл		-
Арнайы бөлім		-

Аяқталған дипломдық жұмыстың және оларға қатысты диплом жұмысының бөлімдерінің кеңесшілерінің және қалып бақылаушының
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Геодезиялық бөлім	Нукарбекова Ж.М. т.ғ.м., сеньор-лектор	25.05.22.	
Арнайы бөлім	Нукарбекова Ж.М. т.ғ.м., сеньор-лектор	25.05.22.	
Қалып бақылаушы	Шакиева Г.С. Т.ғ.м., лектор	25.05.2022	

Ғылыми жетекшісі  Нукарбекова Ж.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Орынбаев А.Т.

Күні «__» _____ 2022 ж

1 Қарағанды қаласы Д.Қонаев көшені бойындағы 9 қабатты тұрғын үй кешенінің жобалау және салу кезіндегі жалпы мәлеметтер

1.1 Жұмыс ауданының физикалық-географиялық сипаттамасы

Қарағанды- Орталық Қазақстандағы қала, Қарағанды облысының орталығы. Қазақстан қалаларының халық саны бойынша Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент және Ақтөбе шаһарларынан кейін 5-ші орында орналасқан. 1934 жылғы 10 ақпанда Қарағанды поселкесі ЖОАК Президиумының қаулысымен қала болып қайта құрылды. Қала аумағы 543,3 шаршы километрге тең. Қала халқының саны 2019 жылғы 1 қазан 496 701 адамды құрады^[3]. Қалалық әкімшілікте 1 ауылдық елді мекен бар. (Сурет 1).



Сурет 1. Қарағанды облысы

Қарасай ауданы — Қарағанды облысының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік болып табылады. 1929 жылы негізі құрылған. Бастапқыда Ленин, кейіннен 1935 жылға дейін Калинин, 1935 жылдан Қаскелең, 1998 ж. қыркүйек айынан қазіргі атымен аталады. Жерінің аумағы қазіргі таңда 2,1 мың км². Тұрғын халқының саны 159,1 мың адам 2019 жылғы санақ бойынша. Аудан аумағындағы 67 елді мекен 1 қалалық әкімшілікке және 12 ауылдық әкімшілік округке орталықтандырылған.

Оңтүстік, оңтүстік батыс бөлігі таулы ,орталық бөлігі сай-жыралармен тілімделген жазық орналасқан. Ауданның ең биік жері – Ұлытау баурайынан Ақсай өзені бастау алатын 4029 метр Айдатау шыңы болып саналады, шыңды мәңгі мұз бен қар басқан. Таулы шың қырғыз елі шекарасы тұсында орналасқан. Ұлытау осы батыс бөлігінде биіктігі 3000 м-ден асатын бірнеше таулар мен асулар (Тікқия, Үшқоңыр, Кебеже, Айғайтас, Көкөзек, Көктөбе,

Емеген, құмбел, Қаскелең, да 1000 мм-ге дейін жетеді. Аудан жерімен Қаскелең, Шамалған (Қасқасу), ұзынқарғалы, Ақсай, Үлкен Алматы өзенідері ағып өтеді. Мұнда таудың қара топырағынан бастап, қуаң даланың бозғылт қоңыр, сұр топырағына дейінгі барлық табиғи белдемге тән топырақ түрлері одан басқа орыс (27%), түріктер (6%), әзірбайжандар (3,2%), ұйғырлар (2,6%), немістер (1,7%), татарлар (1,3%), күрдтер (1,3%), украиндер (1,2%), т.б. ұлт өкілдері тұрады. Халық негізінен ауданның жазық бөлігінде қоныстанған. Оның орташа тығызд. 1 км²-қа шаққанда бар. Негізінен халық тығыз қоныстанған әрі шаруашылық тұрғыдан жақсы игерілген өңірі теңіз деңгейінен 800-1100 м биіктікті қамтыған.

Аймақтың климаты континенттік, қысы біршама жұмсақ, жазы ыстық. Қаңтардың жылдық орташа климаты - -6-9°C, шілдеде 22-24°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері жаз уақытында 300-500 мм.

Биік таулы белдеуде алмұрт, шие, алма, өрік, долана, арша, шырша, альпілік, субальпілік шалғын, жазық өңірде бетеге, жусан, ебелек, т.б. астық тұқымдас өсімдіктер жамылғысы алып жатыр. Жануарлардан: арқар, таутеке, қасқыр, түлкі, қоян, борсық; құстардан: ұлар, кептер, бүркіт, сұңқар, т.б. мекен етеді.

Ауданның халқы көп ұлтты. Негізгі халқы қазақтар (51%), 65,3 адамнан келеді. Бұл көрсеткіш республика көрсеткіштен 11 есе көп. Тұрғын халықтың 24% қалалы елді мекендерде тұрады. ірі елді мекендері: Қаскелең қсы (36,6 мың адам), Шамалған (10,5), Шамалған станциясы (9,1), Алатау (7,2), Каменка (6,8), Қарағайлы (6,0), Көксай (5,1), Абай (4,4), іргелі (4,5), Жалпақсай (4,1) және Ақжар (3,9) ауылдары.

Ауданда 1997 ж. етті-сүтті мал, құс, көкөніс, картоп, жеміс - жидек өсіруге мамандандырылған 20 шаруашылық, 4 ғылыми зерттеу институты, ауыл шаруашылығы машиналарын сынау, құс есіру, тәжірибе станциялары болған. Олардың негізінде 1997 жылдан 14 өндірістік кооператив, 3088 шаруа қожалығы құрылды. Сондай-ақ, 1 асыл тұқымды, 2 тәжірибе шаруашылығы, 1 акц. қоғамға біріктірілді. Олар жеке меншік, шетел инвестициясына өндіріс орындарын ашу бағытында жұмыс істеуде. «[Хамле](#)» ЖШС төтті тоқаштар өндіру, «Синтекс — 396 Қазақстан» ЖШС-і темекі өнімдерін, «Либелла-Ботлерс-Қарағанды» ЖШС-і алкогольсіз сусындар өндіреді.

Ауыл шаруашылығы саласында да ірі өзгерістер бар. 2002 ж. 1 қаңтарындағы есеп бойынша, аудан аумағында 3019 шаруа қожалығы құрылған. 2001 ж. Жаңа Қарағанды темір жол станциясында 15,2 мың т жүгері, картоп өнімдерін қайта өңдейтін зауыт салынды. Жандосов ауылында асыл тұқымды бәйге аттарын күтіп-баптау, ат спортын жан-дандыру бағытындағы ипподром іске қосылды. Шет ауылының ауылшаруашылығына жарамды жер 512,3 мың га, оның ішінде 49,3 мың га егістік, 22,1 мың га жайылым, 1,4 мың га шабындық бар. Аудан аумағында бірнеше ірі республика және облыс бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдар орналасқан. Олар: «Арал» сауықтыру-емдеу акц. қоғамы (Ақжал ауылы), облыс қан беру орталығы (Қаскелең қ.), ішімдікке құмарларды емдеу мекемесі (Қарағайлы ауылы),

Ақсай балалар клиникалық ауруханасы (Ақсай ауылы), 2 әскери бөлім (Ақжар және Шамалған ауылыдары), Ұлытау ұлттық демалыс аймағы (Ақшатау ауылы), Қаскелең аң аулау орман ш-ғы (Қарағанды темір жолы. стансасы), Бірінші Май тәжірибе ш-ғы (Әшекеев ауылы), Білім және ғылым министрлігіне қарайтын Қазақстан республика академиялық аграрлық зерттеулер Орталығының қазыналық кәсіпорыны, Мемлекеттік қазыналық асыл тұқымды мал зауыты (Каменка ауылы), Теміртау қалалық баспаханасы, мемлекеттік «Водоканал» коммуналдық кәсіпорыны (Қаскелең қ.), Қазақ мал шаруашылығы ҒЗИ (Каменка ауылы), Қазақ көкөніс және картоп өсіру ҒЗИ (Қайнар ауылы), Қазақ өсімдік қорғау ҒЗИ (Қарғалы ауылы), ҚР ауыл шаруашылығы мин-гі Қ. ауылы бойынша аумақтық комитеті (Қаскелең к.), Вильяме атындағы Қазақ егіншілік ҒЗИ (Алмалыбақ ауылы), Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің Еңбекші ауыл шаруашылығы өндірістік кәсіпорны (Еңбекші ауылы), Қазақ құс өсіру ҒЗИ (Ақшатау ауылы), Республикалық оқу-сауықтыру «Бөбек» орталығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, мемлекеттік кәсіпорын департаменті «Жер астын зерттеу институты» кәсіпорнының филиалы (Теміртау қ.). Қ. ауданында мәдени және білім беру мекемелерінен 53 кітапхана, 1 музей, 7 мәдениет үйі, 1 колледж, 3 кәсіптік-техн. мектеп, 46 жалпы білім беру орны, 2 балабақша тіркелген. Емдеу мекемелерінен «Сәтбаев», «Теміртау», «Балқаш», емдеу-сауықтыру орындары, «Орленок», «Электрон» оқушылар лагерлері, «Энергетик» демалыс үйі мен оқушылар лагерлері, сонымен бірге **Қаскелең қалалық орталық ауруханасы, Абай ауылы** мен Қарағанды темір жолы станциясыларындағы ауылыдық ауруханалар елге қызмет көрсетеді. Басқа елді мекендерде 30 ауылыдық дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшеракушерлік пункттер бар. Осы өлкеде талай бір қиын да қилы кезеңдерде ерлігімен көзге түсіп, ел есінде қалған айтулы тұлғалар көп деп айтуға болады. Бұл арадан екі мыңдай жыл бұрын Ұлы Жібек жолы өткен әрі осы замандардан бері құрыштай берік дала халқы өсіп-жетілді. Бұл өлкеде баланы ерте жасынан ат ертоқымына отырғызып, оларды мықты отыруға үйретті, егер керек болса, қиын кезеңдерде өз жерін, анасы мен қарындастарын қорғауға қалыптастырды. Тағдырдың ауыр замандарында, аймақтың би мен батырлары салиқалы шешімдер қабылдап, ақындары ел бірлігін қолдаған өлең – жырлар шығарып, халықтың рухын көтерген. Жарбұлақ елді мекенінде туып-өскен Қабанбай батыр – сардарды тарих мәңгі ұмытпайды. Бүгіндері аса бір сүйіспеншілікпен қазақ халқы оны «Дарабоз», «Хан батыры» - деп атайды. Ұлытау алқабы, суықты да, аштықты да, соғыстыда, күштеуді де көп көрді. Ұржар өңірі табиғаттың анық бояуы деуге әбден болады, бір жағы жазиралы дала, енді бір жағы көкжиекке көлденең түсіп жатқан Ұлытау асулары. Қыс алдымен тауда басталып, алғашқы қар құзарт белдерде жатады. Аудан жерімен халықаралық маңызы бар Алматы-Қарағанды-Астана және Ташкент-Шымкент-Тараз-Бішкек-Алматы транзиттік автомобиль жолдары өтеді.

1.2 Жұмыс ауданының физикалық-географиялық сипаттамасы

Ендігі салынып жатырған объект Қарағанды қаласы, Д.Қонаев көшесі бойында орналасқан. Аймақтың жылдық орташа ауа температурасы $+2,4^{\circ}\text{C}$ болады. Ең суық қаңтар айындағы орташа температурасы $-16,5^{\circ}\text{C}$ дейін жетеді. Ал ең ыстық шілде айындағы орташа температура $+22,7^{\circ}\text{C}$. Абсолюттік жоғарғы ауа температурасы $+40^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды. Абсолюттік төменгі ауа температурасы -49°C дейін төмендейді.

Аймақтың өсімдік жамылғысы бірыңғайлы. Ағашты өсімдіктерден (көк терек, қайың, үйеңкі). Ылғалды жерлерде, кішкене алаңқайларда кезігеді. Ілек өзенің аңғарында бұталы ағашты өсімдіктер кезігеді. Жол бойының кейбір аралықтарында тығыз орналасқан бұталар бар, ал сорлы топырақтарда бүрген бұтасы кезігеді. Қалған аумақтарында ауылды жерлердің шабындықтары бар. Жер бетінің топырақ құрамы: далалық сұр топырақ пен далалық боз топырақтан құралған. Бұл құрамның алғашқысы сорсыз аралас құмды - аралас топырақты аймақтарда, ал екінші құрамы сорлы саздауытты ауыр механикалы коспалар түзілген жерлерде кездеседі.

Геологиялық құрылымдарына, гидрогеология. Негізінен геологиялық құрылымға ауданның жартасты жынысты табиғат әсерінен пайда болған және шөгінділер құрылымынан, тақта тас пен ұнтақ құмдардан және төрттік дәуірдегі қалыптасқан шөгінді қабаттарымен жабылған.

Аллювиальды - делювиальды қабаты өзен жайылмасының және қабатты белдеудің аңғарының астында, кесек құмды болып келеді. Жер асты сулары белдеу қабаттарының 2.0-3.0 м бетіне шығып жатыр.

Бұл су құрамында: кальций гидрокорбонаты, сульфатты кальций гидрокорбонаты, сульфат - гидрокорбонаты, кальций мен натрий 0,05-1,3 г/л дейін минералданған. Жер асты сулары атмосфера қалдықтармен қоректенеді. Жер асты суларының ең жоғары деңгейі сәуір айында байқалады.

Аймақтың геологиялық құрылыстарының жұмыстары жоғарыда сипатталды. Жердің топырақ қабаттары – саз бен құмнан және құмайты топырақтан, шаңды батпақтан, ұсақталған тасты топырақтан тұрады.

2 Қарағанды қаласы Д.Қонаев көшесі бойындағы 9 қабатты тұрғын үй кешенін жобалау және салу кезіндегі инженерлік-геодезиялық жұмыстар

2.1 Инженерлік құрылыстарды жобалау және салу кезіндегі геодезиялық жұмыстардың құрамына талдау

Құрылыс кезіндегі инженерлік-геодезиялық қызметтерге ғимараттар мен құрылыстарды дұрыс және дәл орналастыру және жобаның геометриялық параметрлеріне және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтерін тұрғызу жатады.

Бұл міндеттерді шешу кезең-кезеңмен, құрылыс-монтаждау өндірісінің сатыларына байланысты, объектінің құрылысын жүргізу туралы шешім

қабылданғаннан бастап және оны тапсырумен аяқтай отырып жүзеге асырылады. Геодезиялық жұмыстарды жүргізудің келесі кезеңдерін бөліп құрылысқа арналған алаңды таңдау материалдарды жинауды, талдауды және қорытуды (ірі масштабтағы топографиялық жоспарларды болжамды құрылыс ауданына жинауды, қолданыстағы геодезиялық негіздеменің координаттарын нақтылауды, сондай-ақ құрылыс объектісін жергілікті жерге және т. б. байланыстыруды қамтиды).

Құрылыстық жобалауларға жататындар:

- Топографиялық-геодезиялық іздестірулер (жер бедері мен жергілікті жердің жағдайы туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді және іздестірулердің басқа түрлерін жүргізуді жобалау үшін негіз болады);

- іздестірудің басқа түрлерін геодезиялық қамтамасыз ету (инженерлік-геологиялық қазба нүктелерінің топографиялық жоспарларына, гидротворлар мен т. б. байланыстыру).

- құрылысты жобалауды қосымша бастапқы деректермен қамтамасыз ету; Құрылыс конструкцияларын дайындау:

- құрылыс конструкциялары қалыптасатын элементтердің геометриялық параметрлерінің сақталуын бақылау;

- дайындалған құрылыс конструкцияларының геометриялық параметрлерін статистикалық бақылау.

Құрылыстың дайындық кезеңдеріне:

- геодезиялық бөлу негізін құру;
- жоспарлау жұмыстарын, жер асты коммуникациялары мен кірме жолдарды салуды қамтитын аумақты инженерлік дайындау;

- басты және негізгі осьтерді нақты шығару.

Құрылыстың негізгі кезеңдеріне:

- конструктивтік элементтердің осьтерін нақты шығару;
- ғимараттардың жер асты және жер үсті бөліктерін тұрғызу кезінде құрылыс-монтаж өндірісін геодезиялық қамтамасыз ету;

- құрылысы аяқталған элементтерді атқарушылық түсіру және атқару құжаттамасын жасау;

- орындаушы геодезиялық құжаттаманың негізгі жиынтығын тапсыруға дайындау.

Құрылыстың аяқталуы кезеңдеріне:

- құрылыс процесінде орындалған геодезиялық жұмыстардың нәтижелері туралы техникалық есепті жасау және тапсыру;

- атқару бас жоспарын, арнайы атқару инженерлік жоспарларын, кималар профилін жасау.

Инженерлік құрылыстарды жобалау және салу кезіндегі геодезиялық жұмыстар құрылыс өндірісінің технологиялық процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және жалпы құрылыс, монтаждау және арнайы жұмыстарды орындау мерзімдерімен байланысты бірыңғай кесте бойынша жүзеге асырылады.

Ірі және күрделі объектілерді, сондай-ақ 9 қабаттан жоғары ғимараттарды салу кезінде жұмыстарды жүргізу жобаларын әзірлеу үшін белгіленген тәртіппен геодезиялық жұмыстарды жүргізу жобалары әзірленеді.

Инженерлік-геодезиялық іздестірулер объектіні жобалау және салу кезіндегі жобалау және салу мақсаттары үшін, құрылыстың барлық түрлері мен аумақтарды инженерлік қорғау үшін орындалатын инженерлік іздестірулердің барлық түрлерінің арасында ерекше орын алады.

Инженерлік-геодезиялық іздестірулердің нәтижелері инженерлік іздестірулердің қалған түрлерін жүргізу үшін негіз болып табылады. Және тірек геодезиялық желі пункттерінің координаттары мен биіктігінің қаншалықты дәл және сауатты анықталғанына, жердің сандық моделі (ЦММ) салынғанына инженерлік-геологиялық, инженерлік-экологиялық, инженерлік-гидрометеорологиялық және инженерлік-техникалық ізденістер нәтижелерінің сапасы байланысты.

Ғимаратты жобалау және салу кезінде негізгі геодезиялық желілерді құруға келесі этаптар кіреді: жоспарлау, рекосноснировка, ортаны беттестіру, сырт таңбаны құру, жоғары дәлдікті бұрыштық, сызықтық бұрыштар, тораптағы биіктік өлшемі, тораптағы орындалған өлшеудердің математикалық өңдеуі.

Сондай-ақ, тірек-геодезиялық желі құрылыс жұмыстары процесінде де, олар аяқталғаннан кейін де құрылыстар мен жер бетінің деформациялануын бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін. Жалпы жағдайда, геодезиялық желіні жергілікті жердегі ғимараттың жағдайын анықтайтын және қажетті дәлдікпен құрылыс жұмыстары процесінде одан әрі геодезиялық өлшемдер мен құрылыстардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін геодезиялық пункттердің белгілерімен бекіту керек.

Құрылысқа арналған геодезиялық негіз:

- бөлу негізінің пункттерін бекітетін белгілердің толық сақталуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- құрылыс алаңында ғимараттарды (құрылыстарды) және инженерлік желілерді жобалық және қолданыстағы орналастыру;
- бөлу негізін құру сапасына қолайсыз әсер етуі мүмкін құрылыс ауданындағы геологиялық, температуралық, динамикалық процестер мен басқа да әсер етулер;

салынған объектіні пайдалану процесінде жасалатын геодезиялық бөлу негізін пайдалану, оны кеңейту және қайта жаңарту.

2.2 Геодезиялық тірек торабын жобалау

Геодезиялық тірек торабы – орналасуы координаталар мен биіктіктердің ортақ жүйесінде анықталған арнайы белгілермен және орталықтармен бекітілген жер бетіндегі пункттер жүйесі болып табылады.

Пункттердің пландық координаттары триангуляция, полигонометрия және трилатерация әдістерімен анықталады. Биіктік нивелирлік тораптарда

нүктелердің биіктіктерін геометриялық және тригонометриялық нивелирлеу әдістерімен алады. Көбінесе жұмыс нәтижесінде координаттарды да, биіктіктерді де анықтайтын геодезиялық тораптар кездеседі, мұндай торлар жобалы-биіктік тораптар деп аталады.

Қазіргі уақытта геодезиялық тірек тораптарын құруда GPS-технологиясы кеңінен қолданылып жүр.

Мемлекеттік геодезиялық тораптар қалалық және ірі шаруашылық–өндірістік аумақтарда, сонымен қатар шикізат базалары мен пайдалы қазбаларды өңдеудің ірі аумақтарында басты жобалық негіз болады. Мемлекеттік геодезиялық тораптар триангуляция, трилатерация, полигонометрияның 1 және 2 разрядты, техникалық нивелирлеу түрінде берілетін геодезиялық жиілету тораптарына негіздеме ретінде қолданылады, ал олардың негізінде теодолиттік жүріс, микротриангуляция түріндегі түсірістік негіздеме тораптары дамытылады.

Мемлекеттік геодезиялық тораптың жалпы қабылданған принципі «жалпыдан жекеге көшу» принципі болып есептеледі, яғни өте ірі және дәл құрылымдардан кіші және аз дәлдікті бөлшектік құрылымдарға, жоғарғы кластан төменгі класқа көшуге негізделеді.

Геодезиялық тораптардың нақтылығын геодезистер алдын ала есептеп білу керек. Алдын ала бағалау жобалау торабының барлық жағдайында қазіргі кездегі геодезиялық шығынды өңдеу өлшеудегі шығынды нақты тораптағы көптеген мүмкіндіктерді қолданады.

Инженерлік-геодезиялық жұмыстардың барлық түрлерін қамтамасыз ету үшін территорияда пункттері пландық және биіктіктік координаттарын сақтайтын тірек торлар құрылады. Бұл торлар іздестіру кезінде топографиялық суретке түсірістерге негіз болу үшін, орындаушы құжаттарды құру кезінде; ғимараттар мен құрылыстарды салу кезінде бөлу жұмыстарын орындау үшін; құрылыс негіздерінің және құрылыстың өзінің шөгінділері мен деформацияларын бақылау үшін қызмет етеді. Осындай геодезиялық тірек торларды кеңінен қолдану, оларды салудың әртүрлі сызбалары мен әдістерін анықтайды.

Инженерлік-геодезиялық және биіктік тірек торлар төбелері жергілікті жерде арнайы белгілермен бекітілген геометриялық фигуралардың жүйесін

құрайды. Пландық және биіктік торлар алдын ала дайындалған геодезиялық жұмыстардың жасалу жобасымен сәйкес құрылады. Осы жобаны құру кезінде құрылыс ауданында, қаланың немесе ауылдың территориясында жұмыстарды барлық ұйымдардағы геодезиялық тірек торларына қатысты; геодезия қызметінің территориялық инспекциясында немесе геодезиялық жұмыстармен айналысатын Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардан құрылыс және архитектура істері жөніндегі облыстық және қалалық әкімшіліктерден мәліметтер жинайды. Жиналған материалдар бойынша жасалатын жұмыстардың территориясының ауданында алдын ала орындалған барлық класстың және разрядтардың геодезиялық тірек торларының орналасу сызбасын құрады. Инженерлік-геодезиялық тәжірибеде

бұрын құрылған торлардың жақын орналасқан пункттері болғанымен қайтадан құрған жағдайлар да болды

Инженерлік-геодезиялық торлардың бірқатар өзіне тән ерекшеліктері бар:

- торлар жиі мемлекеттік координаттар жүйесімен байланысты шартты координаттар жүйесінде болады;
- тор формасы қызмет ететін территориямен, объектілер немесе объектілер тобының формасымен анықталады;
- торлардың өлшемдері шектеулі, көбінесе фигуралардың шамалы мөлшері немесе полигон түрінде болады;
- жақтарының ұзындықтары әдетте қысқа;
- торлар пункттеріне оларды эксплуатация кезінде күрделі шарттарда қолдануға тұрақтылық жағдайы бойынша жоғары талаптар қойылады.

Құрылым түрін таңдау көптеген себептерге : объект типіне, оның формалары мен алатын ауданына, физикалық-географиялық шарттарға, қажетті дәлдікке, орындаушыда бар өлшегіш құралдарға байланысты.

Болашақ объектінің алатын алаңына және құрылыс технологияларына байланысты инженерлік-геодезиялық торлар бірнеше кезеңде (сатыда) құрылуы мүмкін. Мысалы, суретке түсіру немесе бөлу жұмыстары үшін триангуляция немесе сызықтық-бұрыштық торлар ары қарайғы толықтырулар үшін полигонометриялық және теодолиттік жүрістер негіз бола алады. Өлшегіш құралдардың дамуы көбінесе тірек торларды құрудың әдісін таңдауды анықтайды. Электронды тахеометрлердің шығуы мен кең таралуы сызықтық-бұрыштық торлар мен полигонометрияның жиі қолданылуына әкелді.

Пландық инженерлік-геодезиялық торлардың дәлдігіне, тығыздығына, тұрақтылығына талаптар алуан түрлі. торларды құру кезінде мемлекеттік тірек торларды пайдаланылады. Мемлекеттік геодезиялық торлардың дамуы, ережеге сай, жалпыдан жекеге ауысу принципі бойынша жүргізіледі. Мемлекеттік пландық геодезиялық тор өз ішінде тордың бұрышы және арақашықтығы жақтарының ұзындығының дәлдігімен және ары қарай даму ретімен ерекшеленетін 1, 2, 3, 4 кластарға бөлінеді және 1:50000 масштабта топографиялық суретке түсіруді қамтамасыз ету үшін даму мүмкіндігінің есебімен жобаланады. Алайда құрылыстың мақсаты мен өлшемдеріне, жұмыс ауданының физико-географиялық шарттарына байланысты, бұл геодезиялық торларды қолдану сферасы кеңеюі мүмкін. Инженерлік-геодезиялық торларды құру кезінде мемлекеттік тірек торларды пайдаланылады.

Мемлекеттік геодезиялық торлардың дамуы, ережеге сай, жалпыдан жекеге ауысу принципі бойынша жүргізіледі. Мемлекеттік пландық геодезиялық тор өз ішінде тордың бұрышы және арақашықтығы жақтарының ұзындығының дәлдігімен және ары қарай даму ретімен ерекшеленетін 1, 2, 3, 4 кластарға бөлінеді.

Триангуляциядан немесе 1, 2, 3 және 4 классты полигонометриядан тұратын геодезиялық негіз пункттерінің тығыздығына қатысты қолданыстағы нұсқаулармен келесі нормативтер енгізілген:

а) 1:50000 масштабта суретке түсіруге жататын барлық территорияда, әрбір 10-30 км²-на орташа триангуляцияның бір пункті және әрбір 10-15 км² – не биіктіктік негіздің бір пункті (репер) келуі тиіс.

б) 1:20000 және одан үлкенірек масштабта суретке түсіруге жататын территорияда, әрбір 5-15 км² -на 25 триангуляцияның бір пункті және әрбір 1-7 км² -не – биіктіктік негіздің бір пункті келуі тиіс. Пландық мемлекеттік торлардың дәлдігі ортақ координаттар жүйесінде үлкен масштабтарда суретке түсірулерді қамтамасыз етуге есептелген.

Топографиялық суретке түсірулерді негіздеуге арналған пландық геодезиялық торлардың дәлдігінің есебі үшін түсіруші торлардың дәлдігіне мына талаптар: мемлекеттік геодезиялық торлар және геодезиялық толықтыру торларды пункттеріне қатысты теңестірілген түсіруші негіздер пункттерінің орналасуының шектеулі қателері ашық жерде және құрылыс территориясында жоспар масштабында 0,2 мм аспауы тиіс.

Қалалар, ірі өндірістік, энергетикалық және басқа да объектілер территориясында құрылатын геодезиялық тірек торлар сондай-ақ бөл жұмыстар оның өндірісі үшін және құрылыстарды қалыпты қолдануды қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Нормативтік құжаттардың қазіргі талаптарына сәйкес қалалар территориясында арнайы торлар құрылмайды, ал басты геодезиялық негіз болып ортақ перспективалық жоспар бойынша құрылған мемлекеттік геодезиялық торлар болып табылады. Қалалар территориясында пландық торлар дамыған жағдайда триангуляция жақтарының ұзындығын бір пунктке 5-15 км² –ден келетіндей етіп бір жарым-екі есеге қысқарады.

Құрылыстары бар және жоқ қалалардың, поселкелердің және өндірістік кәсіпорындардың территорияларындағы геодезиялық тірек торларды, олардың ары қарайғы толықтыруының және 1:500 масштабта топографиялық суретке түсіруді негіздеу үшін даму мүмкіншілігін есепке ала отырып жобаланады.

Қалалар территорияларында неғұрлым перспективалық триангуляция және трилатерацияның торларына қарағанда координаттық және дирекциондық

бұрыштарды анықтаудың дәлдігінің көп қоры бар сызықтық-бұрыштық торларды құру болып табылады. Бұған қоса сызықтық-бұрыштық торлардың типтік фигуралардан біршама алыс қажетті дәлдікті сақтай отырып құруға болады.

Өндірістік алаңдарда геодезиялық тірек торлар инженерлік-геодезиялық ізденістер кезінде құрылады және үлкен масштабтағы суретке түсірулерге және бөлу торларын құру үшін негіз болып табылады. Ірі территориялық-өндірістік кешендердің ауданы 30-50 км² және одан жоғары болады. Осындай

жағдайларда геодезиялық негіз ретінде мемлекеттік-геодезиялық торлар қызмет етеді.

Үлкен масштабтағы суретке түсірулердің пландық геодезиялық негіз пункттерінің тығыздығының ары қарайғы ұлғаюы геодезиялық толықтыру торларының триангуляция, трилатерация және 1,2 разрядты полигонометрия түрінде және сурет түсіру негізінің теодолиттік жүрістер немесе триангуляциялық құрылыстар түрінде дамуымен жүзеге асырылады.

Көбінесе түсіру негіздері теодолиттік жүріс торлары немесе аналитикалық торлар құру жолымен құрылады.

Түсіру негіздерінің пункттерін алу үшін салынатын теодолиттік жүрістер торлары екі разрядқа бөлінеді. Бірінші разрядта абсолютті үйлеспеушіліктің өлшемін жүріс өлшемінен 1 :2000 жоғары, ал екіншісінде 1 : 1000 жоғары жіберілмейді.

Бастапқы екі пункттердің арасында салынған жүрістердің шекті ұзындықтары жалпыға міндетті нұсқаумен теңестірілген теодолиттік жүріс пункттерінің орналасуын анықтаудың шекті кателері мемлекеттік геодезиялық тор пункттеріне немесе ашық алаңдағы және құрылысы бар территориядағы толықтыру торларының пункттеріне қатысты жоспарда 0,2 мм-ден аспайтындай, ал орманмен немесе шөптесінмен жабылған территориялар үшін – 0,3 мм аспайтындай есеппен белгіленген.

Теодолиттік жүрістер сызықтық өлшеулер үшін ыңғайлы жерде салынады.

Бұрылыс нүктелері құралды орнатудың ыңғайлылығын және түсіріс үшін жақсы көріністі қамтамасыз ету үшін таңдалады.

Теодолиттік жүрістер полигонометрия сызықтарын кесіп өтпеуі тиіс. Екі бастапқы пункттердің арасында салынған бірлік жүрістердің белгіленген шекті ұзындықтары 1-ші кестеде берілген.

Негіз дамуының кезеңдерінің санының азаюының техникалық пайдалылығын ескере отырып геодезиялық жұмыстардың жобаларын құрған кезде теодолиттік жүрістер торларының бір разрядымен ғана шектелуге тырысу қажет.

Теодолиттік жүріс торларында соңғы нүктелерден бастапқы пункттерге дейінгі шекті арақашықтықтар белгіленген және түйіндік нүктелер арасында 30 пайызға қысқарады.

Нұсқау бойынша тығыз салынған және жабық территорияларда түсіріс негіздерінің торларын құруда бастапқы пункттерге бір жақ басынан ғана жүрістер салуға рұқсат береді. Бұл жерде нұсқаумен түсіріс масштабына байланысты жүрістің ұзындығына да, сызықтардың санына да рұқсат етіледі.

Ашық алаңда түсіріс негізі триангуляция әдісімен күрделі емес тегіс үшбұрыштар торын құру әдісімен дамиды. Бастапқы негіз ретінде 1:5000 шекті салыстырмалы қатемен сипатталатын дәл өлшенген толықтыру торларының жақтары немесе арнайы базистер қызмет ете алады.

1 Кесте- Түсіріс масштабына байланысты жүріс ұзындығы мен сызықтар саны

Түсіріс Масштабы	Еркін теодолиттік жүрістердің ұзындықтары		Сызықтар саны	
	Құрылысы бар территорияларда	Құрылысы жоқ территорияларда	Құрылысы бар территорияларда	Құрылысы жоқ территорияларда
1 : 500	100 м	150 м	4	3
1 : 1000	150	200	4	3
1 : 2000	200	300	4	3
1 : 5000	350	500	4	3

Теодолиттік жүрістерде немесе тұйық полигондарда жіберілетін бұрыштық үйлеспеушіліктер мына шамадан аспауы тиіс:

$$f = 1 \sqrt{n}; \quad (1)$$

мұндағы, $\sqrt{n}$ - жүрістегі немесе полигондағы бұрыштар саны.

Екі бастапқы пункт немесе жақтардың арасында салынған тізбектегі үшбұрыштардың саны нұсқаумен бекітілген.

Геодезиялық негіздің көп сатылы құрылымы құрылыстың соңғы кезеңінде бастапқы деректердің қателерінің жиналуынан белгілі бұрмалануларды тудырады. Сондықтан инженерлік құрылыс үшін арналған пландық материалдың мүмкін болатын бұрмалауларын азайту үшін геодезиялық негіздің дамуының кезеңдер санын азайту тиімді.

Қазіргі уақытта полигонометрия инженерлік-геодезиялық тірек торларының анағұрлым кең тараған түрі болып табылады. Ол барлық инженерлік-геодезиялық жұмыс түрлерінде қолданылады. Полигонометрияны ауданына, оның формасына, бастапқы пункттермен қамтамасыз етілуіне байланысты жоғарғы класты бастапқы пункттерге бекітілген бірлік жүрістер түрінде, түйіндік нүктелері бар жүрістер жүйесі немесе тұйық полигондар жүйесі түрінде жобалайды.

Инженерлік-геодезиялық жұмыстар тәжірибесінде кеңінен қолданылатын полигонометриялық торлар 4 класты, 1 және 2 разрядты

жүрістерден құралады. Сондықтан 4 классты полигонометрия мемлекеттік геодезиялық тор үшін құрылатын полигонометриядан ерекше болады.

2 Кесте- Салыстырмалы қателіктер

Класс, разряд	Орташа салыстырмалы қате	Жіберілетін салыстырмалы қате	<i>K</i>
3 классты триангуляция	1 : 150 000	1 : 75 000	
4 классты полигонометрия	1 : 50 000	1 : 25 000	3,0
1 разрядты полигонометрия	1 : 20 000	1 : 10 000	2,5
2 разрядты полигонометрия	1 : 10 000	1 : 5 000	2,0
1 разрядты теодолиттік жүрістер	1 : 4 000	1 : 2 000	2,5

Қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген талаптардан ауытқуға рұқсат етілген. Жарықтық қашықтық өлшегіштермен жақтарды өлшеу кезінде бөлек жағдайларда байлаушы жақтарының ұзындығын 30 пайызға дейін ұлғайтуға рұқсат етілген. Ескерту ретінде 1 км-ге дейін 1 разрядты және 0,5 км-ге дейін 2 разрядты полигонометрияның қысқа жүрістерінде абсолютті үйлеспеушілікке рұқсат етіледі. Егер 1 және 2 разрядты полигонометриялық жүрістерде 15 жақтан немесе 3 км жүрістен сирек емес полигонометрияның жүрістерінде белгіленсе, онда осы жүрістердің ұзындықтары 30 пайызға дейін ұлғаюы мүмкін.

Полигонометриялық торларды жобалау кезінде категорияларға жататын пункттердің жақын орналасуын болдырмауға ұмтылады, себебі осы жағдайда олардың өзара орналасуының қатесі олардың жүрістерін қосатын қателерінен жоғары болуы мүмкін, ал бұл оларды дәлдігі анағұрлым төмен торлар үшін бастапқы деректер ретінде қолдануда қиыншылық тудырады. Тек қалалық полигонометрия құру кезінде ғана бір класс немесе разрядты жүрістер 4 класс үшін 2,5 км және 1 разряд үшін 1,5 км арақашықтықта параллель салынуы мүмкін.

Полигонометрияны құру үшін сызықтық өлшемдер үрдісі анағұрлым жұмысты қажет ететін болып саналады. Оның екі негізгі әдісі бар: тікелей

және жанама өлшеулер. Тікелей өлшеулер әдісінде жақтардың ұзындығын жарық арақашықтық өлшегіштермен өлшейді, ал жақтардың ұзындықтарын жанама өлшеу әдісінде өлшенген көмекші өлшемдер бойынша есептейді. Осыған байланысты полигонометрияны сызықтық өлшемдер әдісі бойынша жарық арақашықтық өлшегішті қысқа базисті, створлық-қысқа базисті, параллактикалық және траверсті (сызықтар ілінгіш өлшегіш құралдармен өлшенеді) етіп бөледі. Қазіргі жағдайда жарық арақашықтық өлшегіштік полигонометрия анағұрлым кең тараған. Инженерлік-геодезиялық жұмыстардың маңызды бөлігін құрылысы бар территорияларда орындауға тура келсе, онда бұрыштық өлшемдерді салу кезінде полигонометрия жүрістерінде сыртқы жағдайлардың әсерімен байланысты ұйымдастырушы және дәлді тәртіптегі бірқатар ерекшеліктер туындайды. Құрылыс бар болғандықтан жақтарының ұзындықтары салыстырмалы қысқа жолдарды жобалауға тура келеді, бұл тахеометрді (теодолит) және көздеу мақсаттарды дәл центрлеу қажеттілігін тудырады. Тасты құрылыс, асфальтті жолдар мен жасыл желектердің қатар келуі құрылысы бар территорияларда тұрақты температуралық алаңдар құрады; нәтижесінде өлшенетін бұрыштар бүйірлік рефракцияның әсерінен бұрмаланады. Осыған қоса ысыған асфальтта штативтер тұрақсыз бола бастайды. Осының барлығы өлшемдер үшін анағұрлым жағымды уақытты таңдау қажеттілігін туындатады.

Биіктік толықтыру торларын жобалау. Мемлекеттік нивелирлік тор бүкіл мемлекеттің территориясында биіктіктердің ортақ жүйесін таратуға арналған, халық шаруашылығының, ғылымның және мемлекет қорғанысының қажеттіліктерін қанағаттандыратын барлық топографиялық түсірістер мен инженерлік-геодезиялық жұмыстардың биіктіктік негізі болып табылады.

Қалалық және поселкелік территорияларда салынатын барлық класстардағы нивелирлеу торлары олардың ауданына байланысты және талаптарға сәйкес салынады.

II, III және VI класты нивелирлеу қалаларда және кенттерде осы территорияны топографиялық және әр түрлі масштабтардағы түсіріс жұмыстарына қажетті ғана емес, сондай-ақ жобалауда, жер бетіне шығаруда, әр түрлі құрылыстарды салуда, қалалық жер асты торларын, жүрістерді, сондай-ақ тұрғын және азаматтық құрылыста қолданылатын биіктіктік тірек пункттерімен қамтамасыз ету керек.

Нивелирлік торлар, әдетте, екі маркаға немесе мемлекеттік нивелирлеудің реперлерімен байланыстырады; олар қаланың барлық территориясы бойынша тең орналасуы тиіс.

Нивелирлеу белгілері ретінде нивелирлік маркалар, тасты және топырақтық реперлер қызмет атқарады. Салынған нивелирлік белгілерді абристе суреттейді немесе суретке түсіреді.

Топырақтық реперлер үшін олардың орналасуын суретке салудан басқа олардың қолда бар үлкен масштабтағы карталар бойынша оларды полигонометриялық немесе теодолиттік жүрістер торына қосу арқылы координаттарын анықтап алу қажет.

Қалалардың және кенттердің территориясын жаңарту немесе кеңейту кезінде жиі қосымша нивелирлеу жүрістерін салу қажет. Егер белгілі бір территорияда II, II немесе IV класты торларды толықтыру немесе қалпына келтіру қажет болса, онда осы жағдайларды сәйкес кластың пункттерінің арасында жеке жүрістердің қоспаларын қолдану қажет.

Осы пункттердің биіктіктік белгілерін өзгертпей отырып, тірек пункттері арасындағы жаңадан салынған жүрістерді теңестіріледі.

Нивелирлеуді нивелеудің жүйелі қателіктерін толық жоюға көмектесетін қазіргі заманғы құралдарды және бақылау әдістерін қолдана отырып, өте дәл орындау керек. Нивелирлеудің кездейсоқ және жүйелі орташа квадраттық қателіктерінің шекті мәндері және полигондардағы рұқсат етілетін үйлеспеушіліктер 3 кестеде берілген.

3 Кесте Нивелирлеудің орташа квадраттық қателіктері мен полигондардағы үйлеспеушіліктер

Нивелирлеу класы	Жүрістер ұзындығы L (км)			Километрге станциялар санына
------------------	--------------------------	--	--	------------------------------

			1 км жүріске орташа арттырудың орташа квадраттық қатесі(мм)	Көзде у сәулесінің ұзындығы (м)	жіберілетін үйлеспеушілік	
	баст апқы пункттер арасында	түйіндік нүктелер арасында			15- тен кем	1 5-тен артық
					$S_h h _n$ $p- h _{обp}(мм)$	S $h h _{np}+ $ $h _{обp}(м$ м)
II	40	10	0,84	65	$5 \sqrt{L}$	$6 \sqrt{L}$
III	15	5	1,68	75	$10 \sqrt{L}$	2 $,6 \sqrt{L}$
IV	-	-	6,68	100	$20 \sqrt{L}$	5 $,0 \sqrt{L}$

Инженерлік-геодезиялық және бөлу жұмыстары кезінде биіктігі бойынша кластардан басқа техникалық нивелирлеу де қолданылады. Полигонда немесе жүрісте асыру санының жіберілетін үйлеспеушілігі бастапқы реперлер арасында келесі формула бойынша есептейді:

$$f_{[h]жіб} = 20 \sqrt{L} \text{ (км);} \quad (2)$$

Түсіріс үшін қабылданған рельеф сынығына байланысты нұсқаумен белгіленген техникалық нивелирлеудің жүрістерінің шекті ұзындықтары топографиялық түсіріс кезінде биіктіктік тірек торларын толықтыру үшін тригонометриялық нивелирлеу қолданылады. $f_{[h]жіб}$ жіберілетін үйлеспеушілік келесі формула бойынша анықталады:

$$f_{[h]жіб} = 0,04 S_{cp} \sqrt{n}; \quad (3)$$

мұндағы $S_{cp} = [S] / n - 100$ м-де көрсетілген сызықтың орташа ұзындығы
n- жүрістегі немесе полигондағы сызық саны.

4 Кесте Жүрістің шекті ұзындықтары

Р Р/с	Техникалық нивелирлеу жүрісінің аяқтары тірелетін нүктелер	Рельеф сынығындағы жүрістің шекті ұзындығы		
		0, 25 м	0,50 м	1 м, жоғары
1	Бастапқы пункттердің дәлдігі неғұрлым жоғарғы классты	4, 0	8,0	16
2	Бір жағынан бастапқы пункт, екінші жағынан түйіндік нүкте	3, 0	6,0	12
3	Түйіндік анықталатын нүктелер	2, 0	4,0	8
4	Иілген жүріс	1, 0	2,0	4

IV класты нивелирлеу қабырғалық және топырақтық реперлер және геодезиялық тірек торларының центрлері бойынша «орташа жіп» әдісімен бір бағытта жүзеге асырылады.

Келесі параметрлер сақталады:

- көздеу сәулесінің қалыпты ұзындығы – 1000 (115) м;
- иықтарының теңсіздігі – 50 м-ге дейін;
- секция бойынша иықтардың теңсіздіктерін жиналуы – 10м-ге дейін.

IV класты нивелирлеу негізі түсіріс мақсатында ары қарай қолданылатын полигонометриялық және триангуляциялық белгілерінің центрлері, сондай-ақ қабырғалық реперлер бойынша реперлер мен маркалар арасында биіктіктері II және III класты нивелирлеумен анықталған жеке жүрістермен және жүрістер жүйесімен жүзеге асырылады.

Түйіндік нүктелер арасындағы жүрістердің ұзындығы 3 км-ден аспау керек, ал жоғарғы класты нивелирлеу пункттерінің арасында – 5 км.

Қабырғалық және топырақтық реперлерді құрылысы бар территорияларда 2000 м сайын, құрылысы жоқ территорияларда 2 км сайын орнатады.

IY класты нивелирлік тор ауданы 250-ден 2500 га-ға дейін болатын қалалар мен поселкелерде тәуелсіз биіктіктік тірек торы бола алады. Бұл жағдайда торды полигондар түрінде салады.

II және III класты нивелирлік торлар полигондар және тораптық нүктелер әдісімен станциялар санына, немесе жүрістің периметріне кері пропорционалды жүрістің салмағын қабылдай отырып теңестіреді.

Рейкалардың кара және қызыл жақтарынан алынған айырмашылықтар 5 мм-ден аспау керек (әрбір станция үшін).

Нивелирлік торды теңестіру теодолиттік жүрістерді бұрыштық өлшемдерді теңестіруге ұқсас.

V класты нивелирлеу бойынша жұмыстар нұсқауға сәйкес орындалады.

Құрылыс алаңдарындағы барлық жұмыстар құрылыстарды жобалау үшін іздестірулер кезінде қабылданған ортақ биіктіктер жүйесінде жүзеге асырылады. Тұрақты белгілерді жер асты белгі центрлерімен бекітеді. Центрлердің конструкциялары олардың сақталуын және ұзақ уақыт барысында өзгермелі орналасуын қамтамасыз етеді.

Әдетте жер асты центрі бұл қату тереңдігінен төменірек, түйілген массивке салынатын бетонды монолит. Бетінде нүкте немесе қиылысқан сызықтар түрінде центрі бар марканы қояды. Осы центрінің орналасуына Х және У координаттары, ал көптеген жағдайларда Н белгілері сәйкес келеді.

2.3 Құрылыс объектілерінің территориясында геодезиялық пункттерді бекіту

Басынан бастап құрылыс жоспарындағы құрылыс торын жобалаймыз. Оны құрылыс жоспарына құрылыс торы осінің бағыты құрылыс осіне параллель болатындай, ал тор желісі жобаланатын және қолданыстағы құрылыстар арқылы өтпейтіндей етіп қоямыз. Дәстүрлі әдіс бойынша біз құрылыс торына салынған құрылыс жобасы мен кальканы қолданамыз. 50*50м жағы бар шаршы түріндегі құрылыс торы. Картадан құрылыс торы пункттерінің жобалық координаттарын аламыз.

Біз ГГС жоғары пункттеріне байланыстыра отырып, 2-разрядты полигонометриялық тұйық жүрісті салудамыз. Полигонның жанындағы бұрыштарын, ішкі бұрыштарын және жақтарын өлшейміз. Біз полигонометриялық жүрісті теңестіреміз.

